

Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 8 қазандағы N 159 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 460. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 382 (V032574) қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Аталған Ереже сараптау және тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін.

3. БҚҰК 1995 жылғы 12 мамырдағы N 4 қаулысымен бекітілген және БҚҰК 1995 жылғы 21 қыркүйектегі N 16 қаулысымен толықтырылған "Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізудің тәртібі және Бағалы қағаздардың ұлттық сандық бірдейлендіру жүйесі туралы" ереженің күші жойылған деп саналсын.

4. Корпоративтік қаржы басқармасы қабылданған Ережені республиканың қор биржаларына жеткізсін.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Корпоративтік қаржы басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссияның
1997 жылғы 8 қазандағы
N 159 қаулысымен бекітілді

Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін

берудің тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізудің рәсімін және оларға акционерлік қоғамдардың акциялары эмиссиясын тіркеудің тәртібін реттейді, сондай-ақ Бағалы қағаздардың ұлттық сандық бірдейлендіру жүйесіндегі (ҰСБЖ) Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін (ҰБН) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - БҚҰК) беруінің тәртібін белгілейді.

1.2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы айналысқа жататын акциялар, облигациялар және басқа да мемлекеттік емес бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеуге жатады. Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиялары мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

1.3. Бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеу БҚҰК тиісті нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Бағалы қағаздардың ҰСБЖ Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа қосылған бағалы қағаздарды есепке алу жүйесін реттеуге және стандарттауға, сондай-ақ бағалы қағаздардың кодтарын бір ізге салуға арналған.

1.5. ҰСБЖ ISIN 6166.2 Бағалы қағаздардың халықаралық бірдейлендіру жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес келеді және бағалы қағаздарды бірдейлендірудің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын біртұтас жүйесі болып табылады.

1.6. Бағалы қағаздардың жекеленген түріне берілетін, бірегей әріпті-санды кодтар болып табылатын Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері ҰСБЖ негізі болып табылады.

1.7. Бағалы қағаздардың тіркелген эмиссиялары туралы мәліметтер Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) енгізіледі.

1.8. Уәкілетті орган акциялар эмиссиясын тоқтата тұру, заңды емес деп тану не жою туралы шешім қабылдаған жағдайда, бұл туралы ақпарат Мемлекеттік тізілімге енгізіледі және БҚҰК арнаулы басылымында эмиссияларды тіркеу және акционерлік қоғамдардың акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептерін бекіту туралы ақпаратпен бірдей жарияланады.

2. Акционерлік қоғамдардың акциялары эмиссияларын Мемлекеттік тізілімде тіркеу және акциялардың эмиссияларына және эмиссиялардың проспектілеріне мемлекеттік тіркеу нөмірлерін берудің әдістемесі

2.1. Мемлекеттік тізілімді жүргізуді БҚҰК атқарушы аппараты мынадай нысандарда жүзеге асырады:

а) қағаздық негізде (тігілген және БҚҰК атқарушы аппаратының штампымен бекітілген, беттердің санын көрсетіп бағалы қағаздарды тіркеу журналы нысанында);

б) компьютерлік жазба нысанында.

2.2. Акциялар эмиссияларының нөмірлерін, эмиссиялар проспектілерін және ҰБН алу үшін ҚР Әділет министрлігінің кемінде 200000 есепті көрсеткішті жарғылық қорлары бар акционерлік қоғамдардың эмиссияларын тіркеу жөніндегі өкілеттік берілген органдары БҚҰК факспен ҰБН беру туралы бірыңғай сұраулар жібереді. Эмиссиялар туралы ақпарат Мемлекеттік тізілімге осы сұраулардың негізінде енгізіледі. Әділет органдарының эмиссияларды жою фактілері Мемлекеттік тізілімге эмиссияларды жою туралы бірыңғай сұраулардың негізінде енгізіледі. Эмиссияның нөмірі алынған күні эмиссия тіркелген және Мемлекеттік тізілімге енгізілген болып саналады, осы күннен бастап акцияларды орналастырудың қорытындылары туралы есепті бекітуге құжаттар ұсынуға арналған уақытты есептеу жүргізіледі.

2.3. Акциялардың эмиссияларын тіркеу журналдары қатаң есеп беру құжаттары болып табылады және акциялар эмитенттерінің барлық тобы бойынша жүргізіледі (жекешелендірілген, жеке, банктер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық және зейнетақы қорлары және т.б.).

2.4. Акциялардың эмиссияларын тіркеу журналына эмитент туралы мынадай мәліметтер енгізіледі:

- эмитенттің толық атауы;
- эмитенттің үлгісі (ашық - жабық);
- эмитенттің орналасқан жері;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған органның атауы;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу нөмірі;
- мамандандыру (банктер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық және зейнетақы қорлары және т.б.);
- жарғылық капиталының мөлшері;
- эмиссиясының көлемі;
- эмиссиясының реттік нөмірі;
- акциялардың келесі эмиссияларын тіркеу кезінде алдыңғы эмиссияның нөмірі, ол бойынша берілген есептің бекітілген күні, ол жойылған жағдайда, жойылған күні көрсетіледі;

- бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларға салынған салықтардың сомасы, төлем тапсырмасының нөмірі және күні немесе кейінге қалдыруды берген органды көрсете отырып, салық төлеуді кейінге қалдыру;

- осы эмиссияның тіркеу нөмірі (бұдан әрі - Эмиссияның нөмірі);

- эмиссияларды тіркеу туралы қолданылып жүрген ережеде көзделген жағдайларда БҚҰК эмиссия проспектісіне (бұдан әрі - Проспектінің нөмірі) тіркеу нөмірін береді, жабық үлгідегі АҚ ұсынатын шығарылым шарттарына нөмір берілмейді;

- ҰБН беруге сұранымды алған күн;

- осы шығарылымның бағалы қағаздарының ҰБН.

2.4.1. Компьютерлік жазбаларда мынадай жолдар болады:

- АҚ атауы;

- АҚ мемлекеттік тіркелген орган, сондай-ақ заңды тұлғаның тіркелген күні және нөмірі;

- Қоғамның үлгісі;

- ОКПО коды;

- ОКОНХ коды;

- АҚ толық мекен-жайы;

- шетелдік қатысудың болуы;

- мамандандыру;

- қоғамды құру (жекешелендіру, жеке) және жарғылық қордағы мемлекеттік үлес;

- Осы эмиссияны тіркеуді жүзеге асыратын орган;

- Эмиссияны тіркеу күні;

- Эмиссияның нөмірі (негізгі жол);

- Проспектінің нөмірі (егер қажет болса);

- Эмиссияның реттік нөмірі;

- Жарғылық қордың теңге бойынша мөлшері;

- Осы эмиссияның теңге бойынша көлемі;

- Қайталама эмиссияларды тіркеу кезінде жарғылық қордың өсуі көзі;

- Эмиссияға салынған салықтың сомасы;

- Салықты төлеуді кейінге қалдырған орган;

- Эмиссияның нысаны;

- Тәуелсіз тізілім ұстаушы;

- Алдыңғы эмиссияның қорытындылары туралы есеп бекітілген күн;

- Эмиссияның жойылған күні (эмиссия жойылса);

- Акциялардың түрлері бойынша бастапқы құнын және санын, сондай-ақ бағалы қағаздардың әрбір түрі бойынша ҰБН көрсетіп эмиссияның құрылымы;

- Жарғылық қорды акционерлер бойынша бөлу (эмиссия проспектісіне не шығарылым шарттарына сәйкес);

- Орындаушы;

- Ескертулер.

2.5. Мемлекеттік тіркеуге Акциялар эмиссияларының нөмірлерін (тіркеу журналының жоғарғы бағанасы) және Эмиссиялар проспектісінің нөмірлерін (тіркеу журналының төменгі бағанасы) беру кіреді. Эмиссиялардың мемлекеттік нөмірлері латын алфавитінің бір әрпінен (нөмірдің бірінші позициясы) және төрт араб санынан (нөмірдің екінші, үшінші, төртінші және бесінші позициялары) тұрады. Нөмір беру нөмірдің бірінші позициясында латын алфавитінің бірінші әрпінен және бесінші позициясында бір санынан басталады. Келесі нөмірлер беру тіркеу нөмірін кезекті көбейту және нөмірлердің позициясын бесінші позициядан бастап солдан оңға қарай толтыру арқылы жүргізіледі. Нөмір А9999 жеткеннен кейін латын алфавитінің келесі әрпіне көшеді және нөмірді бір санынан басталады.

2.6. Жаңадан тіркеу журналы ашылғанда оған екіге бөлінген осы журналдағы бос беттердің санына сәйкес келетін тіркелген Эмиссиялар нөмірлерінің және Проспектілер нөмірлерінің белгілі бір саны бекітіледі. Эмиссиялар нөмірлерін және Эмиссиялар проспектілерінің нөмірлерін беру бір біріне қарамастан жүргізіледі және Эмиссияның нөмірінің (журналдың жоғарғы бағанасы) және Эмиссия проспектісінің нөмірінің (журналдың төменгі бағанасы) арасындағы алшақтық болуы ықтимал.

2.7. Тіркеу журналын жүргізу аяқталғанда осы тіркеу журналында бекітілген, берілмеген Эмиссиялардың нөмірлері және Проспектілердің нөмірлері эмитенттердің осы түрінің жаңа тіркеу журналына бекітіледі. Бұл жағдайда жаңа журналға екіге бөлінген бос беттердің санына сәйкес келетін нөмірлердің саны бекітіледі.

2.8. Акциялардың бірінші шығарылымы тіркелген жағдайда эмитенттің эмиссиясының нөмірі тиісті эмиссияны тіркеу журналындағы журнал позициясының реттік нөміріне сәйкес келеді. Эмиссияны тіркеу журналының ашпалы екі беті позиция болып табылады.

2.9. Осы эмитенттің акцияларының келесі эмиссияларын тіркегенде Эмиссияның нөмірі Мемлекеттік тізілімге сәйкес бір санын шегерумен жүзеге асырылатын эмиссияның реттік нөмірін сызықша арқылы қосумен алдыңғы эмиссияның Нөміріне сәйкес болады. Бұл ретте осы позицияның нөмірі келесі бетке өтеді.

2.10. Егер алдыңғы эмиссия Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде не оның бөлімшелерінде тіркелсе, келесі эмиссияның нөмірі бір санын шегерумен осы сәтке тіркеліп отырған эмиссияның реттік нөміріне

сызықша арқылы қосумен журналы позициясының реттік нөміріне сәйкес болады.

2.11. Алдыңғы эмиссия жойылған және келесі эмиссия тіркелген жағдайда тізілімге осы эмиссияны тіркеу туралы жазбаны жою туралы белгі жасалады, ал жаңа эмиссияға ол туралы мәліметті жаңа жазбаға енгізе отырып жаңа нөмір беріледі.

2.12. Эмиссия тоқтатыла тұрған не оны заңсыз деп таныған жағдайда уәкілетті орган тізілімде шешім қабылданған күнді және санкцияның қолданған органды көрсете отырып бұл туралы жазба жазады.

2.13. Эмиссияның проспектісі болса проспектінің Нөмірі тиісті эмиссияларды тіркеу журналындағы позицияның реттік нөміріне сәйкес болады. Проспект болмаса (ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар үшін) нөмір журналдың келесі позициясына өтеді.

3. ҰСБЖ Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі

3.1. Акцияларға ҰБН беру тәртібі БҚҰК Директоратының бекітуіне жататын жеке нұсқаулықпен белгіленеді. Басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген акциялар эмиссиясы Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген жағдайда осы акцияларға ҰБН берілмейді; оларда осы акциялар эмиссиясын тіркеу кезінде берілген біріздендіру нөмірі (біріздендіру нөмірлері) сақталады.<*>

Ескерту: 3.1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның N 97 қаулысымен .

3.2. <*>

Ескерту: 3.2-тармақ алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның N 97 қаулысымен .

3.3. <*>

Ескерту: 3.3-тармақ алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның N 97 қаулысымен .

4. <*>

Ескерту: 4-тарау алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның N 97 қаулысымен .

5. <*>

Ескерту: 5-тарау алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның N 97 қаулысымен .

1-ҚОСЫМША

1-таблица

ҰБН ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН РӘМІЗДЕР

0=0	6=6	C=12	I=18	O=24	U=30
1=1	7=7	D=13	J=19	P=25	V=31
-----	-----	-----	-----	-----	-----
2=2	8=8	E=14	K=20	Q=26	W=32
-----	-----	-----	-----	-----	-----
3=3	9=9	F=15	L=21	R=27	X=33
-----	-----	-----	-----	-----	-----
4=4	A=10	G=16	M=22	S=28	Y=34
-----	-----	-----	-----	-----	-----
5=5	B=11	H=17	N=23	T=29	Z=35

2-таблица

ОБЛЫСТАРДЫҢ КОДТАРЫ

|Ақмола облысы 01 |Қостанай облысы 12 |-----|-----|

|Маңғыстау облысы 02 |Қызылорда облысы 13 |-----|-----|

|Ақтөбе облысы 03 |Ақмола қаласы 14 |-----|-----|

|Алматы қаласы 04 |Павлодар облысы 15 |-----|-----|

|Алматы облысы 05 |Солтүстік Қазақстан облысы 16 |-----|

|Атырау облысы 06 |Батыс Қазақстан облысы 19 |-----|-----|

|Жамбыл облысы 07 |Шығыс Қазақстан облысы 20 |-----|

|Қарағанды облысы 08 |Оңтүстік Қазақстан облысы 21

2-ҚОСЫМША

KZ1P12341214 ҰЛТТЫҚ БІРДЕЙЛЕНДІРУ

НӨМІРІН ЖАЗУДЫҢ МЫСАЛЫ

ҰБН осы жазбасынан мыналар көрінеді:

- эмиссия Қазақстан Республикасында тіркелген;
- эмитенттің шығарған бағалы қағаздарының артықшылықты акциялар үлгісі бар;
- эмитент Қостанай облысында орналасқан БҚҰК А1234 нөмірімен тіркелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК